

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 197ч қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 220-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында реттік нөмірі 6-жолда:

"техникасын" деген сөзден кейін "және жиһаздар" деген сөздермен толықтырылсын ;

", жиһаз - 1 жинақ" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 230-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында "14" деген сандар "213" деген сандармен ауыстырылсын ;

3) көрсетілген қаулыға 249-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында "31" деген сандар "60" деген сандармен ауыстырылсын;

"Астана қаласы - маммограф - 1," деген сөздерден кейін "Ересектерге арналған өкпені жасанды желдеткіш аппараты - 2, дефибриллятор - 1, электрокардиограф - 1, бронхоскоп - 1, электрлі жылытқышы бар матрацтар - 2, үздіксіз плазмоферезге арналған аппарат - 1, плазмоцитоферезге арналған аппарат - 1, УДС аппараты - 1, лапороскопиялық жедел араласуларға арналған бейнеэндоскопиялық кешен - 1, электромеханикалық морцелатор - 1, ультрадыбыстық диссектор - 1, операциялық үстелдер - 2, операциялық электрокоагулятор - 1, дәрілік заттарға арналған дозаторлар - 4, қан реинфузиясына арналған аппарат - 1, хирургиялық вакуум сорғыштары - 3, оптикалық талшықты ларингоскоптар - 2, жатыр манипуляторы - 1, қанның электролиттерін жедел айқындауға арналған аппарат - 1, қанның газдарын жедел айқындауға арналған аппарат - 1;" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК